

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЮВЕНАЛДЫ ӘДІЛЕТ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Байжанова Г.Т., з.ғ.м., мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының доценті
Малихан Д.Б., заң факультетінің 1 курс студенті, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Әрбір мемлекеттің даму болашағы өскелең жас ұрпақпен тығыз байланысты болғандықтан, бала құқығын қорғау және оның белсенді азамат ретінде қалыптасуы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет әрекетінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Балалар қоғамымыздың ең әлсіз және қорғансыз бөлігі және олар қорғансыз болуға тиіс емес. Елбасы ретінде мен әрбір сәбидің құқығы қорғалуын талап ететін боламын. Біздің топырағымызда туған кез-келген сәби қазақстандық. Және мемлекет оны қамқорлығына алуға тиіс» деген болатын [1].

Қазақстан Республикасы Конституциясының 27 бабына сай неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады [2, 27].

Біздің еліміз өркениетті әлемдік қауымдастықтың белді мүшесі ретінде бала құқығын қамтамасыз етуге үлкен назар аударады. Бала құқығын қамтамасыз ету мәселелеріне арналған халқымыздың ақын қызы Фариза Оңғарсынованың бастамашылығымен қазақ тілінде дайындалып, 2002 жылғы 8 тамызда қабылданған «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы осының куәсі. Заңда «Бала – он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам» ретінде анықталады [3, 1].

Дегенмен, «бес саусақ бірдей емес» деген халық нақылы тәрізді, қоғамда барлық кәмелетке толмаған азаматтар заң талаптарын сақтап, қабылдауды жөн санамайтындығы да байқалып отыр. Еліміздің нарықтық экономикаға өтуінің салдары ма, әлде отбасылық- қоғамдық тәрбиелеудің жеткіліксіздігі ме, өкінішке орай, құқықтық тәртіпті бұзуға жол беретін балалар да кездеседі. Осындай жағдайда құқықбұзушылыққа бой бергеніне қарамастан, кәмелетке толмаған азаматтардың ересек адамдармен бірдей деңгейде жауапкершілік тартуының өзіндік ерекшеліктері болатындығын ескерген жөн. Осы мақсатты іске асыру үшін қазіргі уақытта Қазақстанда жас ұрпақты жағымсыз факторлар әсерінен қорғауды және оның дамуын қамтамасыз ету үшін барлық алғышарттар жасалуда. Соның бір көрінісі ювеналды әділет органдарын құру.

Жалпы «Ювеналды әділет» жүйесі түсінігі барлық дүниежүзінде оның бас буыны -кәмелетке толмағандар істері жөніндегі сотпен байланысты әділет, яғни сот әділдігі деген түсінікті белгілейді. Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі алғашқы сот 1899 жылдың 2 шілдесінде Чикагода Иллинойс штатының заңы негізінде құрылғаны белгілі. XX ғасыр басында кәмелетке толмағандар ісін қарастыру соттары Канада, Англия, Бельгия, Нидерланд, Ресей, Польша, Венгрия, Испания, Грекия, Ирландия және тағы басқа елдерде құрылғандығы белгілі. Орта Азияда алғаш болып 2007 жылы Ювеналды әділет жүйесі бастау алды.

Ювеналды соттар көптеген өркениетті елдерде қызмет атқарады, іс-тәжірибеде олар өздерінің тиімділігін дәлелдеді, алдымен олар балалар құқықтарын қорғауға және баламен жасалатын қылмыстың алдын алуға мақсатталған.

Ювеналды әділет әлеуметтік-құқықтық нормалардың және институттардың жиынтығы болып табылады. Оның құрамына кәмелетке толмағандармен жұмыс істейтін әлеуметтік және әлеуметтік-педагогикалық қызметтер, ювеналды полиция, ювеналды сот, ювеналды прокуратура, байқап көру қызметі (пробация) арнайы жартылай жабық және ашық оқу-тәрбиелік түзетуші мекемелері, жабық тәрбиелеу мекемелері, омбудсмен қызметі (кәмелетке толмағандардың құқықтары бойынша өкіл) кіреді.

Ювеналды әділеттің объектісіне кәмелетке толмаған құқық бұзушылар, сондай-ақ, қауіпті жағдайдағы жастар немесе кәмелетке толмағандардың тәуекелшіл топтары жатады. Кәмелетке толмағандар әділеті сот процессінің барлық сатысында кәмелетке толмағандарды жоғары заңдық қорғау, кәмелетке толмағанға байланысты сот өндірісінің бірегейлігін, кәмелетке толмағанның ісі бойынша сот процессінің әлеуметтік қамтылуын жүзеге асырады.

Ювеналды әділет - кәмелетке толмағандар үшін сот төрелігінің ерекше жүйесі. Ювеналды әділеттің рөлі мен мәні құқық бұзушы жас жеткіншекті қоғамға қайтару болып табылады. Бұл стратегияны іске асырудағы әдістер мен тәсілдер, кәмелетке толмағандар арасында қылмыстың себебін анықтау және алдын алу ретінде танылады.

Кәмелетке толмағандардың істері бойынша іс жүргізу қылмыстық іс жүргізудің маңызды бөлігі. Себебі, қылмыстың субъектісі ретінде танылған жеткіншек тұлға түрінде әлі толық

қалыптасып үлгермеген және ол оны қоршаған ортаға, сол сияқты отбасының материалдық және моральдық жағдайына тәуелді. Кәмелетке толмаған құқық бұзушылар санатында ең кең тараған топтар – бұл қоғамдық және тұлғалық көзқарастары толық қалыптасып үлгермеген жасөспірімдер. Олар психологиялық тұрғыда жағымды және жағымсыз қылықтарға тез еліктейді.

2000 жылдарда Қазақстан Республикасында жасөспірімдер құқық бұзушылығы саны жағынан көбейіп, қылмыстық құрамы жағынан ауырлай түсті. Әлеуметтік аз қорғалған отбасылардан шыққан жасөспірімдермен қатар, толық отбасынан шыққан және әлеуметтік қамтамасыз етілген балалардың қылмысы арта түсті. Сонымен бірге түзеу мекемелерінен шыққан жас жазасын өтеушілердің арада көп уақыт салдырмай, қайта құқық бұзушылыққа баруы орын алды. Қалыптасқан жағдай бұл мәселелерді мемлекеттік деңгейде шешу қажеттілігін алға тартты.

Қазақстан Республикасында 2001 жылдан бастап кәмелетке толмағандармен жұмыс әдісін өзгерту мақсатында қылмыстық сот төрелігі жүйесінде «Қазақстандағы ювенальды әділет» жобасының бастамасы бойынша жұмыс жүргізілуде, оның мақсаты, міндеттері мен принциптері айқындалды.

2007 жылғы 30 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі кеңестің отырысында Қазақстанда ювенальды әділет жүйесін құру туралы мәселе қаралды, мұнда ювенальды әділет жүйесін құру бойынша ұсынылған негізгі бастамалар толығымен қолдау тапты және мүдделі мемлекеттік органдарға мамандандырылған ювенальды әділет қызметінің моделін әзірлеуді аяқтауға ұсыным жасалды. Нәтижесінде алғашрет Астана мен Алматы қалаларында тәжірибе мақсатында кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар құрылған болатын.

Тәжірибе жағымды нәтиже бергендіктен, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» ҚР конституциялық заңының тиісті баптарына сәйкес, 2012 жылдың ақпан айында мемлекет басшының «Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік және Оңтүстік Қазақстан облыстарында кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотын құру туралы» жарлығы жарияланды. «Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттарды құру және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 4 ақпандағы № 266 Жарлығы бойынша Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар, Алматы облысының № 1 және № 2, Шығыс Қазақстан облысының № 1 және № 2 кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттары құрылды [4, 1].

Содан бері елімізде кәмелетке толмағандар мен бала құқығын қорғауға қатысты азаматтық, әкімшілік және қылмыстық істер бойынша мамандандырылған сот жүйесі әрекет етуде.

Жалпы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі ауданаралық соттардың мақсаты – баланы жазалау емес, баланы қайта тәрбиелеп, балаға көмек көрсету. Мамандар жасөспірім заң алдындағы жауапкершілігін сезінуге қабілетсіз келетіндігін айтады. Сондықтан да ювеналды сот жүйесі оларды түзеп, қайта тәрбиелеуге ықпал етеді. Ювеналдық сот жүйесі бойынша заң бұзушылық болған іске психолог, педагог, әлеуметтік сала мамандары қатысып, кәмелетке толмағанның не себепті қылмысқа барғанын анықтап, баланы барынша оң жолға салуға тырысады.

Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты балаларға қатысты азаматтық-әкімшілік және қылмыстық істерді қарайды, яғни ата-ана құқықтарын шектеу және мүлдем айыру, алимент өндіру, асырау күшін жою, әкелікті тану, ажырасқан отбасында баланың кіммен қалатынын анықтау, кәмелетке толмағандарды арнайы білім мекемелеріне жіберу, қорғаншылық, қамқоршылық бойынша мәселелер қарайды. Сонымен қатар, түнгі 23:00-ден кейін ойын-сауық орындарында жүрген немесе темекі тартып жүрген баланың ата-анасына қатысты істер де осы сотта қаралады. Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот және қылмыстық атқару жүйесі департаменті бірлесе отырып жеткіншектер арасындағы қылмыстың алдын алады.

Қазіргі уақытта ювеналды әділеттілікте медиацияның орны, оның қызметі артып келеді. Бүгінгі таңда медиация жүйесі қоғамда белсенді дамып, өркениетті мемлекеттердегідей құқықтық инфрақұрылымның дамуына ықпал етуде. Медиатор кәмелет жасына толмағандарды сотты болудан сақтап, тараптар мәселелерінің дұрыс шешілуіне жағдай жасайды. Әсіресе, медиатор жанжалдасудың шегіне жеткен дауласушы тараптармен жақынырақ танысып, мәмілеге келу

процесін жеңілдетудің тиімді жолдарын қарастырады. Екі жақтың ұстанымы мен мүдделерін түсінуге тырысып, олардың басқа ниеттерден арылып, күрделі мәселе түйінінің шешілу жолын реттейді. Әлемдік практикада медиация ғасырлар бойы бейбітшілікті орнатуда қызмет атқарып, елдің бітімгершілікте өмір сүруінің үлгісі ретінде танылып келеді.

Медиацияның, яғни, екі тараптың татуласу сипаты кәмелетке толмағандарға қатысты мамандандырылған соттардың тәжірибесінде көп қолданылуда. Нақтырақ айтқанда, кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық істер бойынша Қылмыстық кодекстің 67,82-баптары көп қолданылады. Сот тәжірибесінде ауыр емес және алғаш рет қылмыс жасаған кәмелетке толмаған сотталушының оңалуына мүмкіндік туғызып, оны қылмыстық жауапкершілікке тартпай, кодекстің 82-бабына сәйкес, тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану кеңейді. Қылмыстық кодекстің 82-бабына сай, сот кәмелетке толмағандарға тәрбиелік әсері бар мынадай мәжбүрлеу шараларын тағайындайды: ескерту, ата-аналарының немесе олардың орнындағы адамдардың не мамандандырылған мемлекеттік органның қадағалауына беру; келтірілген зиянды қалпына келтіру міндетін орындату; бос уақытын шектеу және кәмелетке толмаған адамның жүріс-тұрысына ерекше талаптар белгілеу; ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына орналастыру және жәбірленушіден кешірім сұрау міндеттемесін жүктеу [5, 82]. Сондай-ақ, кәмелетке толмаған адамға бір мезгілде тәрбиелік әсері бар бірнеше тәрбиелеу шаралары тағайындалуы да мүмкін. Мұндай шара қолданылған жағдайда кәмелетке толмаған сотталушыға ескертіліп, сотпен түсіндірілгендігі жөнінде одан қолхат алынады. Жоғарыда айтқандай, кодекстің 67-бабы жиі қолданылып, тараптардың татуласуына байланысты қылмыстық іс қысқартылып келеді.

Қылмыстық кодекстің осы 67-бабына өзгертулер енгізіліп, 3-бөлікпен толықтырғандығы бәрімізге мәлім. Онда: «Адамның қайтыс болуымен немесе денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты бірінші рет жасаған кәмелетке толмаған бала, егер ол жәбірленушімен татуласса және келтірілген зиянның есесін толтырса, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін. Бұл ретте оған осы кодекстің 82-бабында көзделген тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қолданылады», - делінген [5, 69]. Яғни, кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыстар жасаған жастар жәбірленушіден кешірім сұрап, татуласып, келтірілген зиянның есесін толтырып берген жағдайда қылмыстық жауапкершіліктен босатылуы мүмкін. Сот мәжілісінде іске қатысушы тараптардың бірбірімен татуласуына мүмкіндік беріледі. Жас жеткіншек өзінің заңға қайшы әрекет жасағандығын түсініп, екі тарап сот мәжілісінде бітімге келсе, онда сот оларға толығымен татуласуына уақыт беріп, сот мәжілісін кейінге қалдыра алады. Татуласу нәтижесі бойынша сот құжаттары толығымен дайын болған уақытта сот тараптарды қайта шақырып, істі қысқарту мәселесін қарастырады.

Сонымен қатар, кәмелетке толмаған балаларға қатысты олардың тұрғылықты жерін анықтау, кездесу уақытын анықтау, ата-ана құқығынан айыру туралы мәселелер, көбінесе, даулы болып келеді. Ата-аналар бір-бірін түсінбей, ортақ балаларын бөлісе алмай дауды шешу үшін сотқа жүгініп жатады. Азаматтық істер бойынша істі дайындау уақытында тараптармен сұқбаттасу барысында сотпен кәмелетке толмаған балаларға қатысты даулы мәселелер бойынша арнайы медиатордың көмегіне жүгінуге ұсыныс жасалынады. Егер, тараптар келіскен жағдайда, олар медиатормен кездесіп, даулы мәселенің екі жаққа да оңтайлы шешілуіне әрекеттер жасайды. Тараптар белгілі бір мәмілеге келсе, онда олардың арасында жазбаша түрде келісім жасалынып, сотта медиация тәртібінде дауды реттеу бойынша келісімді бекіту туралы ұйғарымымен бекітіледі. Бұл, сотта істі қарау уақытын үнемдеп, істің тез шешілуіне ықпалын тигізеді [6, 1].

Ювеналды әділет туралы айтқанда біз қылмыстық қана емес, ерекше «балалар» әділетін де ескереміз. Онда құқықтық дауларды шешу және криминалдық жағдайға жауап беру үшін сот билігін қолданатын мемлекет уәкілдік берген судьялар мен соттар бар. Алайда ювеналды әділеттің болуы бүгінгі күндерге дейін соттар шешпеген міндеттерді жастарды әлеуметтендіру және олардың болашағын қоғамның құқықтық тәртіпке бағынатын белсенді мүшелері ретінде қамтамасыз ету міндеттерін де алға тартады.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында балаларға арналған, оның ішінде жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жасөспірімдерді қамтитын интернаттық мекемелер ашылған. Өртүрлі дәрежелі балалар мекемелері денсаулық сақтау жүйесінде, әлеуметтік қорғау жүйесінде, құқық қорғау жүйесінде, білім беру жүйесінде жұмыс істейді. Бұл ұйымдардың қызметі бір мақсатқа жетуге - тәрбиеленушілердің дене денсаулығы мен имандылығын сақтауға және нығайтуға бағытталған. Бұл ретте олардың міндеттері әр түрлі және әлеуметтік, медициналық, құқықтық және аталған ұйымдарға тән белгілі бір бейін бойынша басқа да қызмет көрсетулерді көздейді [7, 17].

Бірыңғай тәсілдеме жоктығынан, іс-әрекеттер үйлестірілмегендіктен, осындай ұйымдарда әртүрлі себептер бойынша түскен баланың құқықтары кейде толық қорғауды іске асыруға мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдардың қызмет көрсетіп жатқан бөлімшелерінің жұмысын күшейту ұсынылады.

Сонымен бірге, кәмелетке толмағандармен жұмыс жөніндегі мамандандырылған сот судьялары мен қызметкерлерін даярлауды «Юриспруденция», «Халықаралық құқық», «Құқық қорғау қызметі» мамандықтары шеңберінде Білім және ғылым министрлігімен дайындалған арнаулы білім беру бағдарлама негізінде жүзеге асыру ұсынылады. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясында кәмелетке толмағандар қатысатын істерді қарауға маманданған судьялар даярлауды көздейтін арнайы бағдарлама енгізу мәселесі өзекті.

Ювеналды әділетті енгізу, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық деңгейін төмендетуге септігін тигізді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының 1 бабында көзделген, мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары талабын мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етуге көмегі көп. Ювеналды соттардың құрылуының арқасында кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру сияқты жазалау шарасы сирек қолданылатын болды, соның нәтижесінде кәмелетке толмағандар бас бостандығынан айыру орындарынан тыс түзелу мүмкіндігін иеленеді. Ювеналды әділет жүйесін тәжірибелеу судьялар тарапынан қызметтің тәрбиелік нысанына үлкен көңіл бөлінетіндігіне куәлендіреді. Балалар сотының басты мақсаты жазалау емес, тиісті тәрбиелеу және қадағалау шарасын таңдау. Сол арқылы шалыс басқан баланың отбасындағы, мектептегі, қоғамдағы қалыпты өміріне қайта оралуына ықпал ету жүзеге асады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // www.akorda.kz.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж. // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Қазақстан Республикасының Заңы // adilet.zan.kz/kaz
4. «Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттарды құру және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 4 ақпандағы № 266 Жарлығы// adilet.zan.kz/kaz
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қазақстан Республикасының заңы // adilet.zan.kz/kaz
6. Жуманова А. Ювеналды әділетте медиацияның алатын орны // www.astana-akshamy.kz/
7. Қонақбаева Г.М. Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандардың істері бойынша сот төрелігінің ұйымдастырушылық-құқықтық негіздері. - Алматы, 2008. - 27 б.

ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ АЯСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ПЕН ЗАҢДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

Байбахтина Д. С., заң факультетінің 3 курс студенті, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ (Ғылыми жетекші: - з.ғ.м., аға оқытушы Шакирова А.Б.)

Қазіргі таңда құқық бұзушылық салдары мен мазмұны сан қырлы және оны болдырмау жолдарын қарастыруда қоғам мен мемлекет бірлесе отырып жұмыс істеуге тиісті. «Құқық», «құқық бұзушылық» терминдерінің пайда болған кезінен қазіргі уақытқа дейін бұл тақырыпқа зерттеушілер көп еңбек арнаған. Оның себебі, адамзат қандай да прогресстік жолға шыкса да, адам мен адам, тұлға мен қоғам арасында әрқашан да түсінбеушілік пайда болады. Қоғам ішіндегі проблемаларды шешу үшін немесе бұзылған құқықты қалпына келтіруде негізгі құрал заң болып табылады. Заң негізінде құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік тағайындау арқылы қоғамда